

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

Балалардың республикалық өнер фестивалі (театр)

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Астана қаласы

2015 жылғы 9-10 сәуір

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Халқы Ассамблеясы жылының аясында 2015 жылғы 9-10 сәуірде Астана қаласында Балалардың республикалық өнер фестивалін (театр) өткізеді.

Аталған Фестиваль дарынды балаларды анықтауға мүмкіндік беретін, оларды өнер әлеміне тартатын, шығармашылық басымдылығын дамытатын тамаша дәстүр болып 2008 жылы бастама алған.

Фестивальдің негізгі мақсаты өскелең ұрпаққа рухани-адамгершілік, эстетикалық тәрбие беру, тұлғаны үйлесімді дамыту, өз ойын білдіруге бірегей қабілеттерін қалыптастыру және дамыту, әлемді эстетикалық және бейнелі түрде қабылдау факторы ретінде балалар театры шығармашылығын қолдау және дамыту.

Фестиваль жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы балалар театр ұжымдарының облыстық байқау жеңімпаздары арасында өткізіледі. Фестивальға қатысушылар музыкалық (опера, балет, мюзикл), драмалық және қуыршақ спектакль қойылымдарын көрсетеді.

Фестиваль жұмысының қорытындысы бойынша үздік байқау жұмыстар (спектакльдер) және «Актердің үздік бейнесі», «Үздік әйел ролі», «Үздік ер ролі», «Үздік сахналық костюм», «Екінші пландағы үздік роль», «Үздік хореография» номинациялары бойынша үздік орындаушылар анықталады.

Фестивальға қатысушылардың қойылымдарын Қазақ Ұлттық өнер университетінің педагогтері, ғалымдары, Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген мәдени қайраткерлер, астаналық театрлардың танымал әртістері бағалайды.

Фестиваль жеңімпаздары дипломдар және сыйлықтармен марапатталады. Фестиваль бағдарламасында қатысушыларды Астана қаласының көрікті жерлерімен таныстыру қарастырылады.

Балалардың республикалық өнер фестивалі (театр) туралы ақпаратты Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының **8 (7172) 249-306, 8 (771) 804-25-56** телефоны бойынша алуға болады, **e-mail: ermek.a.77@mail.ru**